


**«Қазақмыс» коорпарациясы
технологиялық колледжінің
ПМ-11 тобының оқушысы:**

Қ а з а қ б а е в Д а н и я р

Тақырыбы: Өнеркәсіп географиясы.

Жоспар:

- ▣ Өнеркәсіп географиясы.
 - ▣ Metallургия.
 - ▣ Мұнай өнеркәсібі.
 - ▣ Көмір өнеркәсібі.
 - ▣ Көлік өнеркәсібі.
- 

Өнеркәсіп –бұл халық шаруашылығының маңызды құраушысы болып табылады, немесе толықтай атап кететін болсақ -, өнеркәсіп бұл-ұлттық тұтыну заттарының бір бөлігіне ие болатын және өндірістің еңбек заттары пайда болатын фабрика, зауыттар акционерлік қоғамдар өнеркәсіптік кәсіпорындардың жиынтығы болып табылатын халық шаруашылық салаларының бірі.

Халық шаруашылығы салаларында жетекші ролді алатын – өнеркәсіп. Өнеркәсіп еңбек құралын, жеке тұтыну заттарын өндіреді, табиғи шикізаттарды, сондай-ақ ауыл шаруашылық шикізаттарын қамтамасыз етеді. Қуатты өнеркәсіп еліміздің қауіпсіздігінің негізі болып табылады. Өз кезегінде өнеркәсіп, мамандандырылған салалардың күрделі кешені болып табылады.

Металлургия өнеркәсібі:

Өңдеуші өнеркәсіптің бұл саласы күрделі технологиялық сатылардан : кен өндіру, бастапқы металды бөліп алу, алынған металдың сапасын жақсарту және т.б. тұрады.

Қара металлургия өндірістің басқа салаларымен (тау-кен, көмір,энергетика, түсті металлургия,химия) тығыз байланысты.Бұл белгілі дәрежеде оның орналасуына да ықпал етеді. Қазіргі кезде қара металлургия кәсіпорындары:

1)Кокстелетін көмір алаптарына;

2)Темір кен орындарына

3)Теңіз порттарына жақын орналасуымен ерекшеленеді.

АҚШ-тағы ,Ресейдегі ,Қытай мен Украинадағы , Германиядағы байырғы металлургия орталықтары алғашқы фактордың ықпалымен қалыптасқан.

Шойын қорытудағы негізгі отын тас көмірден алынатын металлургиялық кокстың дүниежүзінде өндірілу көлемі 350 млн тоннадан асады. Кокстелетін көмір қоры шектеулі,қазіргі кезде оны өндіруден Қытай алдыңғы орында.

Қазіргі заманғы түсті металлургия өндірісі кен құрамынан 70-тен астам түсті металдарды бөліп алады: өнім көлемі жылына 20 млн тоннаны құрайды.

Олардың арасында өндірілуі жағынан жетекші орын алатын-алюминий,ол түсті металлургия өнімдерінің жартысына жуығын құрайды.

Түсті металдарды (әсіресе сирек кездесетіндерін) өндіру технологиясы өте күрделі және қымбат болғанымен FTR заманында оларға сұраныс ұлғайып отыр. Бұл түсті металдар көп қолданылатын аэроғарыштық және электроника салаларының өркендеуімен, металлургияда сапалы құймалар өндірумен байланысты.

Теміртау – республикамыздың ірі индустриалды орталығы, еңбеккер даңққа бөленген қала. Теміртаудағы «Миттал Стил» зауыты шойын, болат, агломират және т.б. өндіреді. Бұл өнімдер Қазақстандағы бүкіл өндірістерді, өнеркәсіптерді, қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, өзінің өнімдерін 60-тан астам елдерге экспортқа шығарады. Теміртауда еліміздің Елбасы Н.Ә. Назарбаев еңбек етті, өндіріске мол үлесін қосты. Қарағанды Мемлекеттік индустриялық университетінің қабырғасында білім алды.

МЕТАЛІЛЮРГІЯ





Мұнай өнеркәсібі:

Дүниежүзілік шаруашылық жүйесінде мұнай өнеркәсібінің орны ерекше. Мұнайды дүниежүзінің 80 елінде (жылына 3,5 млрд тонна) өндіреді. 2000 жылғы дерек бойынша ірі мұнай өндіретін елдер (млн тонна есебімен): Ресей (385), АҚШ (365) , Сауд Арабиясы (325), Мексика (145), Ирак (100) Қытай(140), БАӘ (90), Иран (115) , Канада (95) , Ұлыбритания (95). Қазақстан мұнай өндірудің көлемі жағынан (35 млн тонна; 2000ж). Дүниежүзінде 18 орында, ал мұнайдың барланған қоры жағынан 5 орында.

Дүниежүзілік газ өнеркәсібі 20 ғасырдың екінші жартысында айтарлықтай дамыды. 90 жылдардың ортасында дүниежүзінде орта есеппен 2 триллион тонна газ өндірілді. Ол жақын уақытқа дейін , негізінен, экономикасы дамыған елдерге шоғырланған болатын. Бірақ соңғы 20 жыл ішінде газ өндіру дамушы елдерде өсе бастады.



Көмір өнеркәсібі:

Көмір өнеркәсібінің (жылына орта есеппен 4,5 млрд тонна көмір өндіріледі) дамуы мұнайдың арзан кезеңінде баяулады, бірақ одан кейін қайтадан жеделдеді. Көмір дүниежүзінің 60 елінде өндіріледі, әрі негізінен, сол елдердің өзінде тұтынылады, дүниежүзілік рынокқа 1/10 бөлігі ғана түседі. Көмірмен халықаралық сауда жасау, негізінен, теңіз жолдарымен іске асырылады.




© V&A Architects Ltd

Көлік өнеркәсібі:

Көлік дүниежүзілік шаруашылық жүйесіндегі материалдық өндірістің үшінші бір жетекші саласы. Бүкіл қатынас жолдары, көлік кәсіпорындары мен көлік құралдары қосылып, дүниежүзілік көлік жүйесін құрайды. Дүниежүзілік көлік саласында 100 млн-нан астам адам жұмыс істейді. К-лік желісінің жалпы ұзындығы (теңіз жолын қоспағанда) 35 млн км-ден асады. Жыл сайын дүниежүзінде көліктің барлық түрлерімен 100 млрдтан астам жүк және бір 1 триллионнан астам жолаушы тасылынады. Бұл тасымалға бірнеше миллиондаған көлік құралдары қатынасады. Дүниежүзілік көлік желісі жалпы ұзындығының және дүниежүзілік жүк және жолаушылар айналымының 75-80 %-ы экономикасы дамыған елдердің үлесіне тиеді. Автомобиль жолдарының ұзындығы ұдайы өсуде, ол 20 ғасырдың соңында 25 млн км-ге жетті. Оның шамамен 50%-ы АҚШ, Үндістан, Ресей, Жапония, Қытайға тиесілі. Елді автомобильдендіру жөнінен АҚШ ең жоғарғы деңгейге жетті.

Машина жасау өнеркәсібі осыдан 200 жыл бұрын Англиядағы өнеркәсіп революциясы кезінде пайда болған. Қазіргі кезде жұмыс істейтін адамдардың саны (80 млннан астам) және өнімнің құны жөнінен ол дүниежүзілік өнеркәсіптің барлық салаларының ішінде бірінші орын алады. Дүниежүзілік экономика картадан, жалпы алғанда, машина жасайтын 4 аймақты бөліп көрсетуге болады. Олар-Солтүстік Америка, Батыс Европа, Шығыс және Оңтүстік –Шығыс Азия және ТМД елдері. Бұл аймақтарға кіретін елдердің көпшілігі үшін машина жасау халықаралық мамандандудың басты саласы болып табылады. Дамушы елдер дүниежүзілік машина жасау өнімдерінің 10%-ын ғана өндіреді.



Тоқыма және кілем өнеркәсібі:

Тоқыма және кілем өнеркәсібі кәсіпорындарының экономикалық дағдарысқа қарсы басқаруды қамтамасыз етілу деңгейін макро, микро деңгейлерде талдаймыз.

Тоқыма және кілем өнеркәсібі біздің елімізде мұнай , газ , басқада өндіруші салаларға қарағанда төмен бәсекелі блокқа жататыны белгілі. Бірақта, бұл саланың ерекшелігі айналым қаражаттарының тез айналымдылығында болып қалып отыр. Тоқыма және кілем өнеркәсібінде ішкі нарықты толығымен қанағаттандыратын өндірістік қуаттылықта орналасқан. Саланың дамуын қамтамасыз етуге қабілетті ғылыми-өндірістік потенциал жеткілікті деңгейде сақталған, болашақты тиімдірек қолдануға болатын сенімді шикізат базасы сақталған. Тұрғылықты халықтың жұмысбастылық қабілетін толығымен қамтамасыз ете алатын саланың қабілеті бар.

Қазақстандағы тоқыма және кілем өнеркәсібінің дамуын бағалау үшін біз жалпы өнеркәсіптің дамуына талдау жасау , содан кейін ғана саланың дамуын қарастыру керек.

Өнеркәсіп өндірісі Қазақстан Республикасы экономикасының негізін құрайды. Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап, өнеркәсіп жүргізілген реформалардың, сыртқы және ішкі факторлардың әсеріне байланысты дамып отырды.

